

Павлодар қалалық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы "Павлодар қаласы аумағында орналасқан тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын" бекіту туралы" N 26/23 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2013 жылғы 13 маусымдағы N 157/20 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 шілдеде N 3572 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2017 жылғы 14 маусымдағы № 167/21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 14.06.2017 № 167/21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 542-IV Заңымен Қазақстан Республикасының "Тұрғын-үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабына енгізілген өзгерістерге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін ұсыну қағидасын" бекіту туралы" N 2314 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 1316 қаулысына сәйкес, азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында, Павлодар қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қалалық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы "Павлодар қаласы аумағында орналасқан тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын" бекіту туралы" N 26/23 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-1-156 болып тіркелген, 2010 жылғы 20 мамырдағы N 20 "Шана" газетінде және 2010 жылғы 17 мамырдағы N 19, 2010 жылғы 24 мамырдағы N 20 "Версия" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген Павлодар қаласының аумағында орналасқан тұрғын үй көмегін көрсету қағидасындағы 1, 2, 13, 24 тармақтары жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Тұрғын үй көмегі – бұл Павлодар қаласының аумағында орналасқан тұрғын үйде тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға)

жергілікті бюджет қаражатынан мемлекетпен ұсынылатын төлемдер, төлем енгізуге:

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;

тұрғын жайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және қалалық телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге;

жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөнінде шаралар қолданады.";

"2. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу үшін жеткізушилер ұсынған шоттар бойынша, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге жеткізуши ұсынған шот бойынша тұрғын үй көмегі республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.";

"13. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) Бөлімге өтініш береді және келесі құжаттарды ұсынады:

1) тұрғын үйдің меншік иесімен (жалдаушымен) бірге тұратын барлық отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттар көшірмелері;

2) тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

3) Өтініш берушінің Павлодар қаласының аумағында тіркелімін растайтын құжат;

4) отбасы табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті органы айқындаиды;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

6) өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар (тұрғын үй көмегін аудару үшін қызмет түрін таңдау өтініш берушінің қаруына байланысты жүзеге асырылады);

7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шоты немесе телекоммуникацияның байланыс қызметін көрсету шартының көшірмесі;

8) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеу мөлшері туралы жергілікті атқарушы орган ұсынған шот;

9) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын сарапал есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнымен түбіртек-шоты.

Құжаттардың тұпнұсқалары ақпарат үшін ұсынылады және өтініш иесіне қайтарылады.";

"24. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын сарапал есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгіленген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.";

12-тармақтың екінші тармақшасының үшінші абзацындағы "10" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы, қалалық

мәслихаттың хатшысы

М. Желнов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК